

Атырау облысы бойынша облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесін бекіту туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2013 жылғы 28 маусымдағы № 249 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 2 тамызда № 2763 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27, 37-баптарына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі "Автомобиль жолдары туралы" Заңының 3, 13-баптарына сәйкес облыс әкімдігі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Атырау облысы бойынша облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесі бекітілсін.

2. "Атырау облысы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі Атырау облысы бойынша облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының теңгерім ұстаушысы болып анықталсын.

3. "Атырау облысы Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Т.Ә. Шәкімовке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Измұхамбетов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Көлік
және коммуникация министрлігі
Автомобиль жолдары комитетінің
төрағасы _____ 3. Сағынов
"24" маусым 2013 жыл

Облыс әкімінің
2013 жылғы 28 маусымдағы
№ 249 қаулысына қосымша
Облыс әкімдігінің
2013 жылғы 28 маусымдағы
№ 249 қаулысымен бекітілген

Атырау облысы бойынша облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының Тізбесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Атырау облысы әкімдігінің 16.05.2025 № 92 қаулысымен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

№ p/c	Автомобиль жолының индексі	Автомобиль жолының атауы	Жалпы ұзындығы, шақырым	Санаты бойынша, шақырым				
				I	II	III	IV	V
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	KE-1	"Атырау-Индер"	164,36			164,36		
2	KE-2	"Атырау – Орал" автомобиль жолы Махамбет ауылына кірме жол	1,42				1,42	
3	KE-3	"Атырау - Орал" автомобиль жолы Индерборкентіне кірме жол	7,10				7,10	
4	KE-4	"Ақтөбе-Атырау-Астрахань" автомобиль жолы Мақат кентіне кірме жол	9,50				9,50	
5	KE-5	"Атырау-Астрахань" автомобиль жолы Аққыстау ауылына кірме жол	0,78			0,78		
6	KE-6	"Атырау-Астрахань" автомобиль жолы Құрманғазы ауылына кірме жол	1,15				1,15	

7	KE-7	"Атырау-Астрахан" автомобиль жолы-7 разьезд-Асан-Азғыр - Сүйіндік-Балқұдық-РФ шекарасы"	282,00					282,00
8	KE-8	Құрманғазы-Теңіз-Бірлік-Бөкейхан	47,04				47,04	
9	KE-9	"Индер-Қарабау-Миялы-Сағыз"	324,50			42,00	72,00	210,50
10	KE-10	"Ақтөбе-Атырау-РФ шекарасы" (Астрахань бағыты) автомобиль жолы А-27, 616-621 шақырым	5			5		
11	KE-11	"Доссор - Құлсары" автомобиль жолы А-33	3,485			3,485		
	Барлығы	846,335	0	0	215,625	138,21	492,5	

0,78											
1,15						1	110				
					282						
29						15	760	13	223,5		
112		31	181,5			8	313	109	1 529,40		
172,25	0	184,1	181,5	0	282	26	1264	183	2 730,20	0	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК